

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А Байқоңыров атындағы тау-кен – металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Мыңбосын Баян Нұрбекқызы

Түркістан облысы аумағындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер қорын ГАЖ
технологиясының негізінде бағалау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6В07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А Байқоңыров атындағы тау-кен – металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

ҚОҒАМҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Маркшейдерлік іс және геодезия»

кафедрасының меңгерушісі

PhD докторы

Э.О.Орынбасарова

2023ж.

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «Казниту им.К.И.Сәтбаева»
Горно-металлургический институт
им. О.А. Байқоңырова
«20» 06 2023ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Түркістан облысы аумағындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер
қорын ГАЗ технологиясының негізінде бағалау

5B07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

Орындаған

Рецензент

PhD докторы, доцент м.а

Мөлжигитова Д.Қ.

2023 ж



Мыңбосын Баян

Ғылыми жетекші

доктор PhD

Айтказинова Ш.Қ.

«20» 06 2023ж.

«20» 06 2023ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А Байқоңыров атындағы тау-кен – металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

6В07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»



БЕКІТЕМІН

«Маркшейдерлік іс және геодезия»
кафедрасының меңгерушісі

PhD докторы

Э.О.Орынбасарова

2023ж.

**Дипломдық жұмысты орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Мыңбосын Баян Нұрбекқызы

Тақырыбы: «Түркістан облысы аумағындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер қорын
ГАЗ технологиясының негізінде бағалау»

Академиялық істер жөніндегі проректор 2022 жылғы «23» 11 №408-П/Ө бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: « 21 » маусым 2023 жыл




Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: : өндірістік тәжірбие уақытында жинақталған
мәліметтер, сонымен қатар жергілікті атқарушы органдардың ресми мәліметтері сайт
арқылы және курс бойынша өткен пәндердің теориялық мәліметтері
Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Ауыл шаруашылық алқаптарының топырақ түрлері мен типінің сандық-сапалық көрсеткіштерін теориялық талдау
 - б) Түркістан облысы жерлерінің сапалық көрсеткіштерін жүйелі талдау, сипаттау
 - в) Ауыл шаруашылық алқаптарын ГАЗ технологияларының көмегімен бағалау жолдарын қарастыру
 - г) Ауыл шаруашылық алқаптарының картасын құрастыруға мәлімет көздерін жинақтау
- Графикалық материалдардың тізімі: топографиялық карталар, жерді қашықтықтан зондау арқылы алынған деректер, Esri, landsat, Sentinel базаларының мәліметтері.
Жұмыс презентациясы 16 слайдтарда көрсетілген.
Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 24 атаулардан тұрады.


Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Кіріспе бөлім	12.04. 2023	-
Арнайы бөлім	29.06. 2023	-


Аяқталған дипломдық жұмыс үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын көрсетумен, кеңесшілер мен және норма бақылаушының қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Кіріспе бөлім	Айтказинова Ш.К. PhD докторы	18.06. 2023	
Арнайы бөлім	Айтказинова Ш.К. PhD докторы	18.06. 2023	
Қалып бақылаушы	Шакиева Г.С. Т.Ғ.М	18.06. 2023	

Ғылыми жетекшісі

 Айтказинова Ш.К

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 Мыңбосын Б.

Күні « 9 » 01 2023 ж

АНДАТПА

Ауыл шаруашылығы жерлерін ГАЖ технологияларының көмегімен бағалау жүйесін жер нарығын реттеуші құрал ретінде қарастыру.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу көзделді:

1. Ауыл шаруашылық жерлерін бағалаудың ғылыми негіздерін саралау.

2. Ауыл шаруашылық алқаптарының топырақ түрлері мен типінің сандық-сапалық көрсеткіштерін анықтау.

3. Түркістан облысы жерлерінің сапалық көрсеткіштерін жүйелі талдау.

Зерттеу объектісі: Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылық жерлерін ГАЖ негізінде бағалау жүйесі, Түркістан облысының жер ресурстары негізінде.

Дипломдық жұмыс кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытынды, пайдаланған әдебиеттерден тұрады. Жұмыс көлемі 26 сурет, 7 кесте, 24 пайдаланған әдебиеттерден тұрады.

АННОТАЦИЯ

Рассмотрение системы оценки сельскохозяйственных земель с помощью ГИС-технологий как инструмента регулирования рынка земли.

Для достижения поставленной цели предусматривалось решение следующих задач:

1. Дифференциация научных основ оценки сельскохозяйственных земель.

2. Определение количественно-качественных показателей типов и типов почв сельскохозяйственных угодий.

3. Системный анализ качественных показателей земель Туркестанской области.

Объект исследования: система оценки сельскохозяйственных земель в Республике Казахстан на основе ГИС, на основе земельных ресурсов Туркестанской области.

Дипломная работа состоит из введения, 3 частей, заключения, использованной литературы. Объем работы состоит из 26 рисунков, 7 таблиц, 24 использованных литературных произведений.

ANNOTATION

Consideration of the agricultural land valuation system using GIS technologies as a tool for regulating the land market.

To achieve this goal, it was envisaged to solve the following tasks:

1. Differentiation of the scientific basis for the assessment of agricultural land.

2. Determination of quantitative and qualitative indicators of types and types of soils of agricultural lands.

3. System analysis of qualitative indicators of the lands of the Turkestan region.

The object of research: the system of evaluation of agricultural lands in the Republic of Kazakhstan based on GIS, based on the land resources of the Turkestan region.

The thesis consists of an introduction, 3 parts, a conclusion, and the literature used. The volume of the work consists of 26 figures, 7 tables, 24 literary works used.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	6
1.1 Ауыл шаруашылық жерлерін кадастрлық бағалау үшін көрсеткіштерді анықтау және шкала құру	8
1.2 Қазақстандағы ГАЖ және жер кадастры мәселелері	12
1.3 Ауыл шаруашылық жерлерін бағалау барысында қолданатын ГАЖ технологиялары	14
2 Түркістан облысына жалпы сипаттама	19
2.1 Түркістан облысының табиғи жағдайлары	19
2.2 Түркістан облысының топырақ жамылғысы	19
2.3 Түркістан облысының жер санаттары бойынша сипаттамасы	21
3 Түркістан облысындағы ауыл шаруашылығы жерлерін ГАЖ технологиясының көмегімен бағалауды талдау	24
3.1 Түркістан облысындағы ауыл шаруашылық алқаптарын кадастрлық және нарықтық бағалау және нәтижелерін саралау	24
3.2 ГАЖ технологиясы негізінде мемлекеттік бағалау жұмыстарын жүргізу әдістемесі	28
3.3 ArcMap бағдарламалық өнімі арқылы облыстың ауыл шаруашылығы картасын құрастыру	35
Қорытынды	38
Пайдаланылған әдебиеттер	39
А қосымшасы	41
Б қосымшасы	42

КІРІСПЕ

Жер табиғи ресурс ретінде адам қоғамының пайда болуына дейін де болған. Алайда, шаруашылық қызмет атқарып, өндірістің құралы ретінде пайдалану үшін меншік институты болуы қажет, яғни иемдену, пайдалану және де билік ету. Еліміздің нарықтық экономикаға өтуі жерді негізгі өндіріс құралы ретінде анықтап, жер пайдаланудың ақылығы мен жерді жылжымайтын мүлік ретінде тану қажеттілігін туындатып отыр. Дипломдық жұмыста Түркістан облысындағы ауыл шаруашылық жерлерін ГАЖ технологияларының көмегімен бағалау ерекшеліктері және олардың нарықтық экономикада алатын орны көрсетілген.

Дипломдық жұмыстың өзектілігі: Бүгінгі күнде жер ресурстарына жалпы бағалау жүргізудің қажеттілігі жер қатынастарының өзгеріп отыруына және жер, жерпайдалану құқығын сату мен сатып алу мүмкіндік пайда болуына байланысты өсуде күннен күнге. Ауыл шаруашылығына жарамды жерді тиімді әрі ұтымды пайдалану шарасын ұйымдастыру жерді экономикалық бағалаудың нақты шарасы ретінде мемлекеттік жеркадастрының құрамына кіреді. Жерлердің сапасы мен көлемі әр жағдайда әртүрлі болып жатқандықтан, оның әрқайсына жұмсалатын бірдей көлемдегі еңбектің түрі әр түрлі өндірістік дәрежедегі нәтижелерді береді. Бұндай көлемді жұмыстар әр өндіріс саласында ауыл шаруашылық алқаптарына қатысты жұмыстарды жүргізу көрсеткіштерінің сапасына әсерін тигізіп отырады. Сондықтан жер ресурстары әрдайым кез келген басқа өндіріс құралдары секілді өзіндік өндірістік қабілетіне сәйкес бағаланып барланып отыруы тиіс. Жерді бағалаудың теориялық және әдістемелік жақтарын белгілі алыс және жақын шетелдік ғалымдар Н. М. Сибирцевым, С. С. Соболевым, А. И. Скворцовым, С. Д. Черемушкиным, И. В. Дегтеревым, өз еңбектерінде кең түрде зерттеген.

Бағалау мен оның дәлдігін орнату мақсатында, мемлекеттік кадастрдың тиімді жүйесі болуы қажет, ол барлық жер меншігі мен онда орналасқан барлық құрылыстарды сәйкестендіруге, сипаттау мен бағалауға мүмкіндік береді. Бұл міндеттер үшін ең алдымен, жер телімдерінің шекаралары мен аудандарын дәл анықтайтын кадастр карталарының толық жиынтығы қажет, ал екіншіден, жер телімдері туралы мәліметтерді мұқият түгендеуді, сонымен қатар, орналасуы, тиесілі болуы, топтасуы мен мақсатына сәйкес пайдаланылуы, өлшемі, пішіні мен басқа сипаттамалары қажет етіледі. Қазіргі уақытта қай саланы алып қарасақ та, оның құрамында ақпараттық технологияның маңызы ерекше екендігін аңғаруға болады. Ақпарат жүйесі дегеніміз алдағы уақыттағы мақсат етілген нәтижеге жету жолында ақпаратты талдау мен өңдеу және басқа салада мәлімет беруге пайдаланлатын құралдармен және әдістердің өзара байланысты жиынтығы, әрбір пайдаланушылар сұранысы негізінде ақпаратты талдай отырып сақтауға, ізденімке арналған жүйе. Геомәліметтер базасының мәтіндік мағыналық бөлімінде ақпаратты сақтау және олармен әрекеттер жасап отыруға арналған бірден бір жүйенің толыққандылығын құрастыратын тұжырымалы схема мен ақпараттық, мәліметтік база. Осы жерді бағалау саласында, ГАЖ технологиясының мүмкіншіліктерін жан-жақты қарастырып, оны зерттеу нысанында пайдалану мүмкіншіліктері қарастырылды. Қазіргі таңдағы заманауи технологиялардың, оның ішінде ГАЖ технологиясының ерекшеліктерін талдап, кадастрда ГАЖ технологиясын пайдаланудың маңызын анықталды.

Жалпы алғанда бағалау ол заңмен белгіленген шектер негізінде жүзеге асырылатындықтан, тек қана ГАЖ технологияларын қолданып жүзеге асырамыз деу қателік. Арнайы методика арқылы бағаланған жер учаскелерін визуализация, цифрлық қол жетімділік тұрғысынан ГАЖ технологияларын қолдану арқылы, сонымен қатар, жердің жай күйін

анықтау тұрғысынан қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып, ГАЖ негізінде жердің жай күйіне баға беруге болатынын осы дипломдық жұмысымда көрсетіп өттім.

Дипломдық жұмыстың мақсаты: нарық жағдайындағы экономикалық талапты ескеріп, өнімділігі төмен ауыл шаруашылықтық жерлерді құнарландырудың экологиялық-экономикалық тетіктерін жетілдіру ретінде ГАЖ технологияларын қолдану жайындағы іс-шараларға шолу жасап, Түркістан облысы жер ресурстарын және оны ГАЖ технологиялары арқылы бағалау жағдайын пайдалану ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп, талдау жасау.

Дипломдық жұмыстың мақсатына сәйкес келесі міндеттер орындалды:

- ауыл шаруашылығы жағдайында жер ресурстарын бағалау және аймақтау әдістерінің ғылыми-теориялық негіздеріне талдау жасау;
- ГАЖ технологияларын қолдана отырып, жер ресурстарын бағалаудың қазіргі кездегі маңыздылығын айқындау;
- Түркістан облысының табиғи-климаттық жағдайына сипаттама бере отырып, облыстың жер ресурстарын пайдаланудың ерекшеліктерін қарастыру;
- Түркістан облысы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерін бағалауға талдау жасау;
- Түркістан облысы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерін алқаптарға бөле отырып, картасын құрастыру

Дипломдық жұмыстың объектісі: Түркістан облысының ауыл шаруашылық жерлері.

Дипломдық жұмыстың пәні: ГАЖ технологияларын қолдана отырып ауыл шаруашылық жерлерін бағалау ерекшеліктерін зерттеу, тиімді пайдалану жолын қарастыру.

Дипломдық жұмыстың өзектілігі мақсаты, тапсырмалары зерттеліп отырған тақырыптың маңыздылығын көрсетеді.

1 Ауыл шаруашылығы алқаптарын тиімді пайдалану және жер кадастрында қолданылатын ГАЖ технологиялары

1.1 Ауыл шаруашылық жерлерін кадастрлық бағалау үшін көрсеткіштерді анықтау және шкала құру

Еліміздің нарықтық экономика өтуі, ақылы жерпайдалану жүйесі, жеке меншік пен мемлекеттік жерменшігінде болуын тану, жер ол жылжымайтын мүлік сондайақ құқықтық реттеу объектісі ретінде бағалау, жер реформасын әрі қарай дамыту жайлы міндеттер мен оның жаңа кезеңін белгілі. Жерді басқару мен пайдалануға қатысты реформаларды нәтижесінде жүзеге асырудың елде шаруа жүргізілетін субъектілер құрылымы және құрамы мен жерменшігінің формалары айтарлықтай өзгерді. Әрдайым үш млн асқан азаматтардың басым бөлігі қосалқышаруашылық, тұрғын үйжай және өзге де құрылыстар жүргізуге жекеменшік жер учаскесін алды. Фермерлік қожалықтар да даму үстінде. Колхоздар таратылып жібергеннен кейін, мемлекеттік ауылдың шаруашылығын жүргізетін кәсіпорындар жекешелендіру кезеңіндегі нәтижеге сай республикада 6.5 мың мемлекеттік емес жаңа агроқұрылымдық организациялар пайда болды, олардың ішінде: екі мың ауылшаруашылығының кооперативтері мен 3 мың көп шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік оғамдары, 1,53 мыңдай басқа кәсіпорындар мен ұйымдар [1]. Шаруа қожалықтарының жоғарыда аталып көрсетілген шаруашылыққа арналған субъектілердің қарамағына ауыл шаруашылық мақсатына арналған жердің 96,6 % қамтылып отыр. Осындай субъектілер басым кезеңде жер ресурстарын тұрақты, ұзақ мерзімге пайдалану құқығын беріп отыратын құжаттар, ал шаруа қожалықтарының алғашқыларын да (1991-1995 жж.), сондай замандағы елде әрекет ететін Жер туралы Кодекс берген жерді өмір бойы иелік етуге құқық пен мұра ретінде тастауға құқық беретін, мемлекеттік заңнамалық актілері де бар. Дегенмен жаңа Жер Кодексі (2003 жылға сай келетін) бойынша аталып көрсетілген құқықтық субъект иелері өздерінің қарамағындағы жер ресурстарын сатуға не әртүрлі мерзімге жалға алып отыруы тиісті.

Жердің нормативтік бағасын шығару үшін кадастрлық бағалау жасалынады ең алғашқы кезекте оның қандай а.ш алқаб түршесіне жататынын анықтау керек. «Ауыл шаруашылық алқаптары деген – ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру үшін жүйелі түрде пайдаланылатын жер алаптары. Ауыл шаруашылық алқаптарына: егістік жерлер, көпжылдық екпе ағаштары, тыңайтылған жерлер, шабындық және жайылымдар жатады». алқаптарына сапалық және сандық сипаттама жоғарыда көрсетілді. А.ш жерлеріндегі алқаб түршелерін анықтау үшін зерттеу аумағының жерпайдалану схематикалық жобасын пайдаланамыз. Жерпайдалану схемаалық жобасы локальды жердің топырағының құнарлылығын бонитеттік баллына және де зерттелетін аумақтың халқы мен тұрғындардың сұраныс қажеттілігіне әрі инфрақұрылымға байланысты болады.

Елдегі топырақ жамылғысының құнарлық көрсеткіші күрделі және әртүрлі. Топырақтың жамылғысы зоналық бөлініс бойынша әрқелкі таралғанын айқын байқаймыз. Республиканың жазықбеткейі бөлігіндегі аумақтың 86 пайызын алып жатыр. Жалпы, елімізде негізінен үш түрлі топырақ зонасы бөлінісі бар: ол қара топырақтық зона (52° с.е. солт); қара қоңыр топырақтық зона (52°-48° с.е. аралық); қоңыр, сұр қоңыр топырақтық зона (48° с.е. оңт). Ауылшаруашылығына арнаған мақсаттағы жерді кадастр бағалаудың топырақ түршелеріне байланысы есептелген, «ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі №890 қаулымен бекітілген мемлекет меншігінен сату төлемақысының базалық ставкасы және ҚР Жер кодексінің 11 бабымен бекітілген жер учаскелерінің жағдайына негізделген базалық ставкасын түзету коэффициенттері қолданылады. Кадастрлық (бағалау) құнын есептегенде

бірнеше факторлар болса, арттыратын немесе кемітетін түзету коэффициенттері бір-біріне көбейтіліп, әр бір бағаланатын ауылшаруашылық учаскесі бойынша ортақ интегралды түзету коэффициенті анықталады» [2]:

- $K = K_1 * K_2 * K_3 * K_4$
- K – ортақ интегралды түзету коэффициенті;
- K₁ – мелиоративтік жай-күйдің коэффициенті;
- K₂ – жер бедері еңістігінің коэффициенті;
- K₃ – бағаланатын жер учаскесінің шаруашылық орталықтарынан алшақ
- орналасуының коэффициенті;
- K₄ – бағаланатын жер учаскесінің қызмет көрсету орталықтарынан қашық орналасу коэффициенті.

Ауылшаруашылығының өндірістік жұмыстарды жүргізу арналған жер учаскесілерінің кадастрлық (бағалау) құнындағы арттыратын немесе кемітетін көрсеткіштің жалпы мөлшері қолданыстағы Жер кодексінің оныншы бабының 1 тармағына сай белгіленген төлемақының базалық ставкасының елу пайыздық көрсеткішінен аспайтын болуы қажет. Егерде есептелген ортақ интеграл түзету коэффициентінің көрсеткіші тағайындалған параметерден көп яки кем болса, онда олардың шектік көрсеткіштері қабылданып қолданылады: ең жоғары – 1,5; ең кемі – 0,5..

Кадастрлық (бағалау) құно әрбір бағаланған немесе бағаланатын учаскелер бойынша қабылданып қойған базалық ставкалар мен ауылшаруашылық алқаптарындағы топырақтың түрі мен түршесінің, үлгісіннің анықтау жолы сонымен қатар интегралды түзету коэффициенттері көбейту жолымен анықталады [3]. ҚР Жер кодексінің 11 бабымен бекітілген жер учаскелерінің жағдайына негізделген базалық ставкасын түзету коэффициенттері қолданылады.

Кесте 1.1 - ҚР Жер кодексінің 11 бабымен бекітілген жер учаскелерінің жағдайына негізделген базалық ставкасын түзету коэффициенттері [3]

Мелиорациялық жай-күйі мен жер бетінің еңістігіне қарай қолданылатын түзету коэффициенттері		
<i>жердің мелиорациялық жай-күйі:</i> - жақсы (топырағы тұзды емес және сортаң емес, тассыз, эрозияға ұшырамаған; жер асты суларының тереңдігі: тұщы су - 3 метрден астам, минералды су - 6 метрден астам) - 1,2; - қанағаттанарлық (топырағы аздап тұзды, сортаңдау, тасы аз, аздап эрозияға ұшыраған; минералдануы төмен жер асты суларының тереңдігі 3-6 м) - 0,9; - қанағаттанғысыз (топырағы орташа және аса тұзданған, орташа және аса сортаң, тастақ, орташа және күшті эрозияға ұшыраған; 1 г/л астам минералданған жер асты суларының тереңдігі 3 метрден кем) - 0,6;	<i>жер бетінің еңістігі:</i> - 1 градусқа дейін - 1; - 1-ден 3 градусқа дейін - 0,98; - 3-тен 5 градусқа дейін - 0,96; - 5-тен 7 градусқа дейін - 0,93; - 7 градустан астам - 0,86;	
Табиғи жем-шөп алқаптары (шабындық, жайылым) құрамында пайдаланылатын жер учаскелерінің құнын айқындау үшін учаскенің сапалық жайкүйі мен жер бетінің еңістігіне қарай мынадай түзету коэффициенттері		
<i>жақсартылған шабындықтар мен жайылымдар:</i> - көп жылдық шөп егіліп, түбегейлі жақсартылған - 1,2; - өсімдік жамылғысының тұр-құрамын өзгертпей, беткі қабаты жақсартылған - 1,1;	<i>шабындық жердің жай-күйі:</i> - жақсы (ластанбаған, бұта-шілік баспаған, ағаш өспеген, тассыз, аймақтық өсімдіктердің белгілері жақсы байқалатын жер учаскесі) - 1,2; - қанағаттанарлық ластанған, бұта-шілік басып кеткен, ағаш өскен, тастақ, өсімдік жамылғысының аймақтық құрылымы бұзылған жер учаскесі. Аталған белгілер аумақтың 40 процентіне дейінгі алаңынан көрінеді) - 0,9; - қанағаттанғысыз (ластанған, бұта-шілік басып кеткен, ағаш өскен, тастақ, өсімдік жамылғысының аймақтық құрылымы бұзылған жер учаскесі. Аталған	<i>жер қабатының еңістігі:</i> - 3 градусқа дейін - 1; - 3,1-ден - 6 градусқа дейін - 0,95; - 6,1-ден - 10 градусқа дейін - 0,9; - 10,1-ден - 20 градусқа дейін - 0,85; - 20 градустан астам - 0,5;

1.1 – кестенің жалғасы	
<i>жайылымдық жердің жай-күйі:</i> - жақсы (ластанбаған, бұта-шілік (азыққа жарамайтын бұталар) баспаған, ағаш өспеген, тассыз, аймақтық өсімдіктердің белгілері жақсы байқалатын жер учаскесі) - 1,2; - қанағаттанарлық (ластанған, бұта-шілік (азыққа жарамайтын бұталар) басқан, ағаш өскен, тастақ, өсімдік жамылғысының аймақтық құрылымы бұзылған, қатты тапталған жайылымдары, жалаңаш сорлары бар, сортаң топырақты, тақыр жер учаскесі. Аталған белгілер аумақтың 40 процентіне дейінгі алаңынан көрінеді) - 0,9; - қанағаттанғысыз (ластанған, бұта-шілік (азыққа жарамайтын бұталар) басқан, ағаш өскен, тастақ, өсімдік жамылғысының аймақтық құрылымы бұзылған, қатты тапталған жайылымдары, жалаңаш сорлары бар, сортаң топырақты, тақыр жер учаскесі.	<i>жер қабатының еңістігі:</i> - 12 градусқа дейін - 1; - 13-тен - 20 градусқа дейін - 0,8; - 20 градустан жоғары - 0,6.
Жер учаскесінің суландырылуына, оның шаруашылық орталығына қарағанда орналасқан жеріне, қызмет көрсету саласының орталықтарынан қашықтығына байланысты мынадай түзету коэффициенттері	
1) жер учаскесінің суландырылуы (сумен қамтамасыз етілуі): суландырылған - 1,2; суландырылмаған - 0,8; 2) жер учаскесінің шаруашылық орталығына қатысты орналасуы, километрмен: беске дейін - 1,2; 5-тен 10-ға дейін - 1; 10-нан 20-ға дейін - 0,9; 20-дан 30-ға дейін - 0,8; 30-дан астам - 0,7;	3) жер учаскесінің қызмет көрсету орталықтарынан қашықтығы, жолдардың сапасына байланысты:

Кесте 1.2 - Жердің қызмет көрсету орталықтарынан қашықтығы [3]

Қашықтығы, км	Тас жолдар	Қиыршық тас төселген жолдар	Жай жолдар
20-ға дейін	1,4	1,1	0,7
21-40	1,2	0,9	0,6
41-60	1,0	0,7	0,5
61-80	0,8	0,5	
81-100	0,6		
100-ден астам	0,5		

Қорытқанда, ауыл шаруашылық алқаптарының бағасын негізінде алып қарасақ жоғары жақатғы факторлар нақты құнды шығармайды. Бұл құнын шығару анықтау үшін топырақтың құнарлығы арқылы оның түсімділігі коэффициенті, сонымен қатар қауіпті және зиянды факторлар коэффициентін есепке алуымыз керек деп есептейміз.

1.2 Қазақстандағы ГАЖ және жер кадастры мәселелері

Қазақстан Республикасындағы геоақпараттық жүйелер, посткеңестік кеңістіктегі сияқты, соңғы онжылдықта ретсіз дамыды. ГАЖ мүмкіндіктері белгілі бір дәрежеде әртүрлі министрліктердің, ведомстволар мен мекемелердің пилоттық жобаларына енгізілді, бірақ, әдетте, жергілікті деңгейде. Бағдарламалық жасақтама көбінесе қарақшылықпен қолданылған. Мұндай жүйелерді құру тұжырымдамалары да болған жоқ. Мұның бәрі орнында нәтижесіз таптауға әкелді. Жалпы, мемлекет экономикасының дамуын қолдаудың қуатты аналитикалық құралдарының бірі ретінде ГАЖ-ды толыққанды енгізу бастапқы кезеңде болды.


1998-99 жылдары Қазақстан бұрын-соңды болмаған акция өткізілді. Жылжымайтын мүлікті тіркеудің пилоттық жобасы бойынша Әділет министрлігі арқылы 147 ArcView және 5 ArcInfo лицензиялары сатып алынды, жеткілікті мамандар оқытылды [4]. Бұл ГАЖ жылжымайтын мүлікті тіркеу жүйесіне белсенді түрде енгізілетіндігін білдірді. Бірақ лицензиялар орындарға қауіпсіз жеткізілді, мамандар туған мекемелеріне оралып, ағымдағы істермен айналыса бастады. Жалпы, жоба жылжымайтын мүлікті тіркеу құрылымын құру мәселесін шешті. Жобаның бір бөлігі болып табылатын ГАЖ қауіпсіз түрде артта қалды, бұл бағыт одан әрі дамымады. (Автордың пікірінше, кез-келген ақпараттық жүйе үнемі қолдау мен дамуды қажет етеді). Бірақ уақыт келді, ал жобаға енгізілген бастамалар күтпеген жерден басқа мекемеде, геоақпараттық жүйелерге тікелей мүдделі ұйымда — Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігінде өз нәтижелерін берді, ол да жылжымайтын мүлікті тіркеу бойынша пилоттық жобаның қатысушысы болды, бірақ шешуші дауыс беру құқығы жоқ серіктес ретінде.



1.1-сурет - Жер кадастры жүйесінің құрылымы

Жер иелерінен өтініштерді қабылдау "құжаттарды қабылдау" КЛЕРК модулінің көмегімен жүзеге асырылды. Бір мезгілде атрибуттық деректер базасында меншік иесіне деректер толтырылды. Осы модульдің көмегімен құжаттарды беру туралы белгі қойылады. Кадастрлық құжаттардың қозғалысы да бағдарламалық түрде бақыланды. Құжат өткен

кәсіпорынның әр бөлімі мәліметтер базасында осы құжатты кез-келген уақытта табуға немесе оның дайындығы туралы білуге болатын белгі қалдырды.



1. 2 - сурет – Участкені бағалау бойынша есепті қалыптастыру

Графикалық деректерді енгізу Ішкі тілдің (Avenue) көмегімен жасалған қажетті процедуралары бар ArcView жобасы болып табылатын "үйлестіру арқылы" модулінің көмегімен жүзеге асырылды. Енгізу екі сатыда жүзеге асырылды. Бірінші әдіс: заттай өлшеуге дайындық жұмыстары. Оған (1:2000 масштабтағы трансформацияланған аэрофотосуреттер), тірек нүктелерін және олардың координаттарын, бұрын ресімделген жер учаскелерінің полигондарын көрсететін абристі басып шығаруға дайындау және генерациялау кірді. Өлшеу нәтижелері абриске қолданылды.

Екіншіден, координаттар бойынша заттай өлшеулерден кейін жер учаскесінің полигоны салынады, оған сәйкестендіру (ID) нөмірі беріледі, ол деректер базасында сақталады және жер учаскесінің жоспары мен кадастрлық іс үшін координаттар ведомосы жасалады. Полигон базаға енгізілгеннен кейін учаскеге кадастрлық нөмір беріледі. Көршілес учаскелерді сәйкестендіру үшін кәсіпорынның барлық бөлімдері пайдаланатын АСТАНА қарау құралы қолданылады. Viewer ArcView жобасы ретінде жасалған, ол үшін мекен-жайы мен кадастрлық нөмірі бойынша іздеуді қамтамасыз ететін сценарийлер жазылған. Астана жобасы графикалық атрибутивтік дерекқорына қосылады, бұл графикалық ақпаратты және оған атрибутиканы бір уақытта көрсетуге мүмкіндік береді.

Жер учаскелерін бағалау бойынша деректерді енгізу үшін бағалау модулі тағайындалған, ол бағалау бойынша барлық деректерді (бағалау күні, аймағы, базалық мөлшерлеме, факторлық коэффициенттер) енгізуге және кадастрлық іс бойынша бағалау бойынша қағаз есептерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осындай тың деректердің негізінде жер есебі модуліне келесі міндеттер жүктелген:

- меншік иесі және жер учаскесі бойынша деректерді "құқықтық қатынастар"атрибуттық кестесі арқылы біріктіру;

- атрибуттық деректерді мемлекеттік тілде енгізу.
- жерге құқық куәландыратын құжаттарды (мемлекеттік актілерді, жер учаскелерінің жоспарларын) қалыптастыру және басып шығару.
- нақты учаске бойынша ақпараты бар жер-кадастрлық кітапқа нөлдік бөлімдерді қалыптастыру және басып шығару [5].

Осы әзірлемелердің барлығы жер-кадастрлық жұмыстарды өнеркәсіптік конвейерге қоюға және деректер базасын қалыптастыруға мүмкіндік берді.



1.3 - сурет – Кадастрлық картаның үзіндісі



3D визуализация

Ақпараттық жүйені қалыптастырумен қатар топографиялық түсірудің заманауи әдістері енгізілді. Болат рулетка мен оптикалық теодолит электронды тахеометрлер мен GPS қабылдағыштарымен ауыстырылды, бұл еңбек өнімділігін бірнеше есе арттырады.

1.3 Ауыл шаруашылық жерлерін бағалау барысында қолданатын ГАЖ технологиялары

Қазіргі таңда ақпарат секілді ұғым қолданылмайтын нақты бір қызмет түрін атап көрсету қиын. Ақпарат технология кезокелген ғылымдағы ажырамайтын бөлік болады. Қазіргі таңда бұны түрлендіретін, жетілдіретін технологиялар бар екенін ұмтылуда. Жер туралы яки жөніндегі ғылымдарда ақпарат технология аросында геоақпараттану және географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ) сияқты ұғым пайда болған [6]. Геоақпараттану – бұл геоақпараттық жүйені ғылыми тұрғыдан дәлелдеу, талдау, құрастыру, пайдалану мен қолдану туралы ғылыми, технологиялық және өндіріс қажеттілігіне жарайтын ісәрекет.

ГАЖ 1960 жылдардың басында құрылды. Қазір өнеркәсібі дамыған елдерде мыңдаған географиялық ақпараттық жүйелер бар. Олар геодезияда, картографияда, кадастрда, ресурстарды басқаруда, табиғат пен экологияны қорғауда, экономикада, тіпті саясатта да қолданылады. ГАЖ – бұл кеңістіктік - үйлестіруші деректерді жинауды, сақтауды, өңдеуді, бейнелеуді және таратуды қамтамасыз етуге арналған геоақпараттану жүйесі. Инфрақұрылымды, табиғи ресурстарды, қоршаған ортаның күйі мен аумақтарды тиімді басқару тек қана геоақпараттық жүйенің

интеграциялау қабілетіне негізделеді. ГАЖ-дың мәні деректерді жинау, деректер қорын құру, оларды компьютерлік жүйелерге енгізу, сақтау, өңдеу, түрлендіру. Пайдаланатын адамның сұранысы негізінде геомәліметті топокартографиялық пішін негізінде беру керек, сондайақ кестелермен графиктік мәтіндердің түр түріне байланысты шығару мүмкіндік беретін болады. Гео ақпараттық жүйе біршама ғалымдардың тоғысуы кезінде сандық картография және автоматтық басқару жүйелері мен жоспарлаумен құралатын болған.

Гео ақпараттық жүйелердің келесідей ерекшеліктерін атап өтуге болады:

- пайдаланушыға қолайлы кеңістіктік деректердің бейнеленуі, қабылдауға аса қолайлы үш өлшемді деректерді картографиялау;
- деректерді интеграциялау, компанияның әртүрлі бөлімдерінде немесе тіпті бір аймақтағы мекеменің түрлі қызмет салаларында жинақталған геоақпараттық деректерді біріктіру;
- кеңістіктік деректермен байланысты кез келген құбылыс туралы есеп беруді талдау және құру процесін автоматтандыру, шешімді қабылдау тәртібін жеделдету мен оның тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді;
- картаны құрудың қолайлы құралы болғандықтан геоақпараттық жүйелер ғарыштық және аэрофототүсірілім деректерінің мағынасын расшифровкалауда тиімді және белгілі бір жердің құрылып қойған жоспарларын, сызба-нұсқаларын, сызбаларын пайдаланады. ГАЖ картамен жұмыс істеу процесін автоматтандыра отырып, жердің үш өлшемді моделін құру мүмкіндігін береді [7].

ArcGIS бағдарламасы және оның мүмкіншіліктері

ArcGIS – бұл ГАЖ программасының жиынтығы – заманауи толықтанған ГАЖ өнімі. ArcGIS-тің фундаменталды архитектурасы ГАЖ программасын нығайтады – функциялары мен бизнес-логикасын (кеңістіктегі мәліметтерді қолдану процедурасы) әр түрлі сфераларда, мекемелерде әр түрлі жұмыс деңгейлерінде жұмыс істейді, яғни: дербес компьютерлерде, серверлерде, Web арқылы, немесе далалық жағдайларында. Жеке қолданушылар, мен сонымен бірге, мәліметтер анализін өңдейтін көп қолданушы режим.



1.4 - сурет – ArcGIS бағдарламасы


Географиялық ақпараттық жүйе (ГАЖ) – бұл жүйе географиялық ақпараттарды басқарумен, оның анализі мен бейнеленуі. Географиялық ақпарат географиялық мәліметтер жиынтығы түрінде, олар жай жалпы мәліметтер структурасымен географиялық ортаны модельдейді. ГАЖ-дың құрамында географиялық мәліметтермен жұмыс істеу үшін заманауи құрал-жабдықтары бар.

1. Геомәліметтер Базасының түрі: ГАЖ – бұл кеңістіктегі мәліметтер базасы, мәліметтер жиынтығын құрайды, олар географиялық ақпараттарды ГАЖ мәліметінде жалпы мән мәтін моделінде болады (векторлық объектілер, растрлар, топология, торлар және т.б.).

2. Говизуалданған түр: ГАЖ – бұл интеллектуалды карталар мен басқа да түрлер жиынтығы, онда кеңістіктегі объектілер мен жер үсті бетіндегі объектілердің арасындағы байланысты көрсетеді. Әр түрлі карталар құрылуы мүмкін және ақпараттарды анализдап және түзету, сұраныстарды қолдау үшін «мәліметтер базасының терезесі» түрінде қолданылуы мүмкін.

3. Геоөңдеу түрі: ГАЖ – бұл қолданыстағы мәліметтер жиынтығынан жаңа географиялық мәліметтер жиынтығын алу үшін арналған құрал-жабдықтар жиынтығы болып табылады. Кеңістіктік мәліметтерді өңдеу функциялары (геоөңдеулер) қолданыстағы мәліметтер жиынтығынан ақпараттарды жинайды, оларға аналитикалық функцияларды қолданады және алынған нәтижелерді жаңа құрылған мәліметтер жиынтығына сақтап қояды [8].

ESRI программалық қамтамсыз етілуі каталогпен берілген (ГАЖ геомәліметтер жиынтығының коллекциясы сияқты), карта (ГАЖ) интеллектуалды картографиялық түр және құрал-жабдықтар жиынтығы сияқты (ГАЖ кеңістіктегі мәліметтерді өңдейтін құрал-жабдықтар жиынтығы сияқты). Осылардың бәрі толық ГАЖ программасының құрам бөліктері, және олар барлық ГАЖ-дың қосымшасында қолданылады.



1.5 - сурет – ArcGIS 10.8 бағдарламасында жұмыс

ArcGIS 10.1 толық геоақпараттық жүйе құрудағы ГАЖ өнімдерінің программаларында ықпалды пакет, белгілі мекеменің алдына қойған мақсатарын шешу үшін арналған. ArcGIS-тің фундаменталды архитектурасы өндірушілердің баріне ГАЖ-дың барлық функционалдық мүмкіндіктерін қолдануға және бизнес-логиканы кез келген компьютерлік құралдарда және әр түрлі мәліметтерді алмасуға мүмкіндік береді. Бұл архитектура, геомәліметтер базасымен бірге, көп жүйелі геокеңістіктік мәліметтер инфраструктурасын құруға және оларды басқаруға мүмкіндік береді.

ArcGIS-тің 10-інші версиясы мынандай мәселелерді шешу үшін арналған:

- Геокеңістіктік мәліметтерді өңдеу: ArcGIS 10.1 Desktop пакеті, құрамына ArcView, ArcEditor и ArcInfo кіретін, геокеңістіктік мәліметтерді анализдап және өңдеу үшін мүлдем жаңа программалық ортаны құрады. Пакеттің құрамына сонымен бірге, ModelBuilder кіреді, ол интереактивті қосымша және әр түрлі модельдерді тестілеулерді құру үшін арналған пакеттер командасы. Мықты құрал-жабдықтардың қосылуы мен программалық орта өндірушілерге жұмыстары мен қойылған мақсаттарына жету үшін оптимальды технологияны таңдауға мүмкіндік береді.

- Глобальды және үш өлшемді визуализация: Модуль 3D Analyst ArcGIS 10.1ArcGlobe-та базаланады, жаңа технологияда жер бетіндегі географиялық мәліметтер үш өлшемді тігіссіз визуализацияланады. Кез келген ArcGIS программасын қолдайтын мәліметтер, сонымен бірге, суреттер, текстуралар, жергілікті жерлер және үш өлшемді объектілер, ғимараттар және құрылыстар сияқтылар кіреді, олар жер шарының үш өлшемді форматында болады және иерархиялық елестету арқылы геоақпараттарды визуалдауға болады. ArcGlobe мықты мүмкіншіліктерді қолданады және карталарды визуализациялау әдісі мүлдем жаңа аспектіде. 500 аса шынайы 3D-символдар, объектілер мен текстуралар жеткізілім құрамында бар, сонымен қатар, басқа құрамдас программалармен үш өлшемді объектілерді құруға және импорттауға болады.

- Басқа программалармен өзара байланысуы: ESRI өздерінің технологияларының дамуына көптеп күш салып жатыр, олар индивидуалды (жеке) және корпоративті қолданушыларға еш қиындықсыз ақпараттарды әр түрлі ұосымшалар мен жүйелер арасында алмастыруға мүмкіндік беруде, форматына, базалардың структурасы мен оларды басқаруға қарамастан. ArcGIS 10.1негізінде осы талаптардың орындалуын қадағалайды және

кедергілерді жояды, бұл мәліметтерге қазіргі замандағы деңгейде тікелей жетуі, олардың қайта өзгеруі мен 65 форматтан аса экспортқа шығуы.

Картография: бұл планда ESRI мамандары картографияның дамуының жолдары сапалы қамтамасыздандырылуы, картографиялық объектілердің мазмұндалуы мен шартты белгілердің әбден жетілуі қажет деп есептейді. Осы себептен ArcGIS 10.1Desktop-та объектілердің жазуларын өзгерту мен оларды жетілуін, құруы үшін жаңа мүмкіндіктер жасалынған. Бұдан басқа, ArcGIS 10.1жазуларды жоғары деңгейде орналастыру мен басқа тесттік ақпараттармен, объектілердің символдануы және басқа проблемалардың шешілуіне ArcGIS-тегі Maplex қосымшасында мүмкіндік жасайды [9].

ГАЗ-дің инфраструктурасы: ArcGIS 10.1программасы IT-стандартта құрылған, COM, NET, Java, XML және SOAP сияқты, геокеңістіктік корпоративті инфраструктураларды құруды жеңілдетеді. Бұл үшін пакеттің құрамына ArcGIS Engine қосылған (ГАЗ-дың функционалдық мүмкіншіліктерін үстелдік қосымшалар мен ұялы шарттарда қолданылуы) және ArcGIS Sever (корпоративтік ГАЗ-да центральдік структураның құрылуы). ArcGIS 10.1программасының құрамына және ArcGIS Sever кіреді. ArcGIS программасының компоненттері мен жаңа версиялары жайлы толығырақ мәліметтер көптеп кездеседі.

ArcGIS Desktop – бұл ықпалды қосымшалар жиынтығы: ArcMap, ArcCatalog және ArcToolbox, ГАЗ мәселелерін шешу үшін – кез келген деңгейдегі мәселені. ArcGIS Desktop көмегімен тиімді жұмыс істей аласыз, жеке тәуелсіз кеңістіктік мәліметтерді жобалап және құруға болады, географиялық мәліметтерге өзіңіздің мекемеңізде немесе Интернетте локальді желі арқылы қол жеткізесіз. ArcGIS Desktop кеңістіктік анализдің кең мүмкіндіктері бар, мәліметтерді өзгерту және солардың негізінде жоғары сапалы карталарды құру. Сіз өзіңіздің жұмыстарыңыздың нәтижелерін кесте мен графиктерден тұратын отчет түрінде бере аласыз. ArcGIS Desktop – бұл толық функционалды масштабталатын жүйе, ауқымы кең қолданушылар мен есептемелер үшін арналған.

ArcGIS Desktop үш түрлі программалық өнімнен тұрады: ArcView, ArcEditor и ArcInfo, әр түрлі функционалдық деңгейлерден тұрады. ArcView, ArcEditor и ArcInfo өнімдерінің жалпы арқасында қолданушылар, осылардың кез келгенімен жұмыс істейтіндер бірге жұмыс істей алады. Карталар, мәліметтер, шартты белгілер, картографиялық қабаттар, қолданылатын құрал-жабдықтар мен интерфейстің келтірілуі, отчеттар мен метамәліметтер барлық осы үш қосымшаларда да қолдануға болады. Бұл мынаны білдіреді, яғни кез келген осы өнімдердің біреуімен жұмыс жасап, басқа өзімізге керек қосымшамен жұмыс істеу үшін, жаңа құрылысты және басқа интерфейсті білу қажет емес.

ESRI секілді шет елдік фирманың бағдарлама өнімі болатын ArcGIS-те геоақпарат толыққанды каталог сияқты түрінде құрылған, яғни ол мәліметтерді түрлендіріп өңдеудің жоғарғы деңгейлі керемет мүмкіндігін ұсынады бар.

ArcView, ArcEditor и ArcInfo келесідей жалпы функциялардан тұрады:

- Редакторлайтын құралдары, тәсілдері кең;
- Жоғары сапалы картография;
- Интернетпен байланысы;
- Проекцияның демде құрылуы;
- Геокодталуы;
- XML-дің көмегімен стандартты мәліметтердің болуы;
- COM өзгертуінде баалануы;
- Кеңейтілген архитектура
- 40 форматты мәліметтердің тікелей оқылуы [11]

2 Түркістан облысына жалпы сипаттама

2.1 Түркістан облысының табиғи жағдайлары

